



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМ. С.Д. АСФЕНДИЯРОВА

Тақырыбы: Стоматологиялық патологиясы  
бар стационарлық науқастарға берілетін  
емдәм түрлері және сипаттамасы

Орындаған: Ходарова

Б.Б

Факультет:

стоматология

Курс: 6

Группа: 12-003-01

Қабылдаған: Хасенова

Г.Х

# ***Жоспары:***



## *I. Кіріспе*

*Емдәмдер туралы жалпы  
түсінік*

## *II. Негізгі бөлім*

*Емдік дәмдер түрлері*

*Негізгі сипаттамалары*

## *III. Қорытынды*

**Емдік тамақтандыру** - ағзаның қорғаныстық реакцияларын күшейтуге септігін тигізеді, өсу мен дамудың қалыпты өтуін, денсаулықты, еңбекке қабілеттілікті сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.





Әрбір тағайындалатын емдәмді құрастырғанда, **біріншіден**, организмге табиғи заттектер мен энергияның физиологиялық қажетті мөлшерін есептейді, **екіншіден**, сол аурудың өзіне ғана тән метоболизмдік процестердің бұзылу процестердін және функциялық ауытқулардың ауырлық дәрежесін ескереді.

# Емдік дәмдер түрлері

Біздің еліміздің емдік-профилактикалық мекемелерінде біріңғай номерленген (№1-№15) емдәмдер жүйесі қолданылады.

## **№1 емдәм.**

**Көрсеткіштері:** Асқазан мен 12 елі ішектің ойық жарасы, жедел және созылмалы гастриттер

**Жалпы сипаттамасы:** Асқазан сөлінің күшті қоздырғыштарын, қорытылуы қиын тағамдарды шектеумен сипатталатын толыққанды емдәм.

**Энергетикалық құндылығы:** ақуыздар 90-100гр; майлар 100гр; көмірсулар 400-420г-2800-3000ккал

**Ұсынылатын тағамдар мен өнімдер:** кептірілген бидайдан жасалған нан, құрғақ печенье, көкөніс сорпасы, сүт ботқасы, сиыр қоян тауық еттері.

Етті сіңірінен майынын тазартып, пісіріп үккіштен өткізіп езбе түрінде күніне « рет береді.

**Шектелетін өнімдер:** жаңа піскен нан, қамырдан жасалған өнімдері, тұзды өнімдер, еттің майлы сорттары

## №2 диета

**Көрсеткіштері:** Гастритте - асқазан сөлінің қышқылы төмен болған жағдайда тоқ ішектің талаурауы, бас сақинасы (бұл арурулар тек асқынбаған жағдайда) кезінде белгіленеді:

- тамақ көбінесе суға немесе буға пісіріледі (кейде кейбір тамақтарды қуыруға болады), үстелге жақсы ұсақталған күйінде қояды;
- тамақты күніне төрт реттен аз ішпеу ұсынылады;
- күндік ас үлесі құрамы: белок - 100 г., май - 100 г., углевод - 400-450 г., ас тұзы - 12-15 г. энергетикалық құндылығы 2800-3000 ккал
- Рұқсат етілмейтіндер: пияз (шикі), сарымсақ, қымыздық, саумалдық, шалқан, тұрып, сірке суы, қыша, ұнтақталған бұрыш, акжелкен, ысталған, тұздалған, маринадталған тағамдар.
- **Ұсынылатын тағамдар мен өнімдер** бидай наны, майсыз балық, ет сорпасы, ұайнатылған тіл, сүт, қаймақ, ірімшік, түрлі ботқалар, жемістер, мандарин, апельсин, қарбыз, жүзім, ирис, мармелад, қант

## №3 диета

**Көрсеткіштері:** созылмалы іш қату ауруына шалдыққандарға белгіленеді

- ас дайындау кезінде (басқа ауруы болмаған жағдайда) өсімдік, сондай-ақ мал майына ұзағырақ қуырылады;
- **Ұсынылатын тағамдар мен өнімдер-** құрғақтау ботқа ұсынылады, бидай наны, майсыз балық, ет сорпасы, қызылша, сәбіз, қызанақ, қияр, асқабақ, орамжапырақ
- тамақ қабылдау жиілігі - күніне 4-5 рет;
- **күндік ас үлесінің құрамы:** белок - 85-100 г., май - 100-120 г., углевод - 400-500 г. энергетикалық құндылығы: 2800-3000 ккал
- **рұқсат етілмейтіндер:** кисель, ащы шай, какао, көкжидек, екі-үш күн тұрып ашыған сүт тағамдары, кептірілген нан, сұйық ботқа, картоп пюресі, жұмыртқа (шикі және шала пісірілген), ақ нан, самса және майда тартылған ұннан пісірілген кондитер өнімдері.

## №4 диета (4а, 4б, 4в) -

**Көрсеткіштері:** бұл диетаның әр түрлі

варианттары ас қорытудың бұзылуымен қоса қабат

келетін қатты және созылмалы ішек аурулары

(КОЛИТ) жағдайында белгіленеді. Жазыла

бастағанда 4В диетасын ұстанған дұрыс: тамақ суға

не буға пісіріледі;

дайын тамақ устелге майдаланабаған күйінде

қойылады;

тамақты аз мөлшерде күніне 4-5 рет ішу

ұсынылады;

күндік ас үлесі құрамы: белок - 100 г., май - 70 г-ға

дейін, углевод - 250 г., ас тұзы - 8-10 г.

Энергетикалық құндылығы-2000ккал

рұқсат етілмейтіндер: таза табиғи жеміс-жидек

шырындары, қаймағы алынбаған сүт, бұрыш, қыша,

сірке суы, ақжелкен, қуырылған, ащы және қышқыл,



## №5 диета (№5а)

**Көрсеткіштері:** бауыр және өт жолдары ауыратын адамдарға белгіленеді:

тамақ суға не буға пісіріледі және көбінде ұнтақталмаған күйінде беріледі;

тамақ қабылдау жиілігі - күніне 4-5 рет;

күндізгі ас үлесі: белок - 100 г., май - 100 г. (оның үштен бір бөлігі өсімдік майы), углевод - 400-450 г., ас тұзы - 10-12 г. г.

Энергетикалық құндылығы-2000ккал

рұқсат етілмейтіндер: қуырылған, майлы, ащы және қышқыл, сүрленген, тұздалған және маринадталған тамақтар, ет, балық және саңырауқұлақ

сорпалары, қой, шошқа, каз, үйрек етінен жасалған

тағамдар, ми, пияз, сарымсақ, шалқан, тұрып, саумалдық,

ақжелкен, қыша, бұрыш, сірке суы, ет және балық

консервілері, тұздығы және майлы тұздығы бар тамақтар; өт

жолына тас байланған жағдайда бұларға қосымша кант

қайнатпа, бал және кондитер өнімдерін шектеген дұрыс.



## №6 диета

**Көрсеткіштері:** зәр несеп жолдарының ауруларымен ауырғанда, подагра құрамында пуринасы аз тамақтар -көкөністер мен жемістер, сүт, жұмыртқа, қайнатпа, дәндер;  
сұйық ішуді көбейту, әсіресе табиғи шырындар;  
тамақ ішу жиілігі күніне 4 рет;  
күндік рацион құрамы: белок - 80-90 г., май - 80-90 г., углевод - 400 г;  
рұқсат етілмейтіндер: ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары, консервілер, қақталған еттер, тұздықтар, спиртті ішімдіктер, тұзды ірімшіктер, тұздалған және маринадталған көкөністер, кондитер өнімдері.

## **№7 диета (№7а, №7б)**

**Көрсеткіштері:** бүйрек қабыну ауруына шалдыққандарға белгіленеді. (нефрит)

**Жалпы сипаттамасы:** ақуыздар мен натрий хлоридін шектеу

**Химиялық құрамы:** ақуыздар 70гр, майлар 80гр, көмірсулар 350-400гр, Энергетикалық құндылығы 2500-2700ккал

**Ұсынылатын тағамдар мен өнімдер:** туссыз нан, вегетариандық сорпалар, құс, балық, сүт өнімдері, жарма, картофель

**Шектелген өнімдер:** тұзы бар нан, ет балық, саңырауқұлақ, сарымсақ, шұжықтар, кофе, какао

## №8 диета

Көрсеткіштері: семіріп кеткен адамдарға белгіленеді тамақ рационында углевод, май, тәбет ашатын заттарды шектеп, калориялылығы аз тағамдарды пайдаланады; тамақ кез келген кулинариялық тәсілмен тұзсыз дайындалады; тамақ ішу жиілігі күніне 4-5 рет, кейде көбірек ішу ұсынылады; күндік рацион құрамы: белок -90-130 г., май - 60-90 г., углевод - 100-200 г., ас тұзы - 3-5 г (дайын асты тұздау үшін). дәрігердің белгілеуі бойынша диетаны жартылай ашығу күндерімен кезектестірген дұрыс

## №9 диета

Көрсеткіштері: қант диабеті кезінде белгіленеді: тағам рационныңда углевод пен май мөлшері шектеледі; күндік рационның химиялық құрамы емдеуші дәрігер беретін арнайы таблица арқылы мөлшерленеді; тағамды әр түрлі әдіспен дайындауға болады; тамақ ішу жиілігі күніне 4 реттен аз болмауы керек; қанттың орнына ксилит, сорбит ұсынылады; көкөністерді 8-12 сағат суда ұстап крахмалын азайту керек; қанттан басқа бал, қайнатпа, жүзім, інжір және карбызды пайдалануға болмайды. Химиялық құрамы: ақуыз 90-100гр, майлар 75-80гр, көмірсу 300-350гр. Энергетикалық құндылығы 2300-2500ккал

## №10 диета

Көрсеткіштері: бүйректің, жүрек - қан тамыр

жүйесінің кейбір аурулары кезінде белгіленеді:

рационда ас тұзы мен сұйық ішу азайтылады;

тамақ суға не буға пісіріледі;

қуырлған тамақ жеуге тыйым салынады;

тұзсыз тағамдардың дәмін келтіру үшін сүт, ірімшік,

жеміс және жеміс соустарынан

жасалған пудингтерді пайдалану ұсынылады;

тамаққа қант, бал, лимон, лимон шырыны мен

қышқылын, қою томат шырынын, ванилин,

дәмқабық, калампыр қосуға болады;

күндік ас үлесінің құрамы: белок - 80 г., май - 7 г.,

углевод - 350-400 г., ас тұзы - 3 г, сусын мөлшері 0,8

литрден аспағаны жөн.

## №11 диета

Көрсеткіштері: туберкулез және өкпенің іріңді аурулары

кезінде, ұзаққа созылған ауыр науқастан жазыла бастағанда белгіленеді: белоктардың, май, көміртегі, кальций және фосфор тұздарының құрамы арттырылады;

көбінесе сүттен жасалған тамақтарды пайдалану арқылы рациондағы мал өнімдерінен алынатын белок мөлшерін арттыру;

С дәрумені бар (көкөніс, жеміс-жидек, итмұрын, қайнатылған су);

В дәрумені тобы (бауыр, ашытылған сусындар);

күндік тамақ ішу жиілігі - 4 рет;

күндік рацион құрамы: белок - 120 г., май - 120 грамға дейін, углевод - 500 г., кальций - 1,6 - 2 г., фосфор - 1,6 г.

Энергетикалық құндылығы 3200-3500 ккал

## **№12 диета**

Көрсеткіштері: жүйке жүйелері ауруларына шалдыққанда белгіленеді





## №13 диета

Көрсеткіштері: асқынған жұқпалы  
аурулармен ауырған науақастарға белгіленеді

Дарумен мөлшерін көбейтіп, майлар мен көмірсуларды шектейміз

Энергетикалық құндылығы 2200-2300ккал;  
ақуыздар 75-80 гр, майлар 60-70гр, көмірсулар  
300-350 гр

Ұсынылатын тағамдар: кептірілген бидай наны,  
майсыз етпен балық сорпасы, жармалар  
қайнатпасы балық, құс мал еті, көкөністер, жеміс –  
жидектер, қант, бал т, б

Шектелетін өнімдер: қамырдан жасалған өнімдер,  
майлы сорпалар, шұжықтар макарондар.  
орамжапырақ, майлы сүт пен қаймақ

## №14 диета

Көрсеткіштері: бүйрекке тас байланған кезде

белгіленетін диета(фосфатурия)

Кальцийге бай өнімдерді ше-ктеумен сипатталады

Энергетикалық құндылығы:2800-3000ккал ақуыздар

90гр, майлар 100гр, көмірсулар 400гр

Ұсынылатын тағамдар:бидайдан жасалған нан,қамыр

өнімдерімайсыз ет пен балық сорпасы ет пен балық,

жармалар,асқабақ,саңырырауқұлақ

Шектелетін тағамдар;сүттенғкоконістен жасалған

сорпалар,тұзды балық,сүт өнімдері,картофельжеміс

көкөніс шырындары

## **№15 диета**

Көрсетілімдері: арнайы емдік тағам белгіленбейтін басқа ауру түрлеріне қолданылады.

Дарумен мөлшерін көбейтіп, ауыр қорытылатын және ащы тағамдарды шектеумен сипатталады

Энергетикалық құндылығы 2800-2900 ккал; ақуыздар 90-95гр; майлар 100-105гр; көмірсулар 400 гр

Ұсынылатын тағамдар: құс еті мен мал етінің майлы түрлерінен басқа барлық тағам түрлері рұқсат етіледі.

# Негізгі сипаттамалары



- Емдәмдердің энергетикалық құндылығы мен химиялық құрамыемдік-профилактикалық мекемелерге арналған.
- Емдәмдер сипаттамасында еркін немесе бос сұйықтық ұғымы кездеседі. Оған жатады: шәй, кофе, сүт, сорпа, кисель, шырындар т,б
- Тағамның қалыпты температурасы: ыстық тағамдар 57-62°C жоғары емес, салқын тағамдар 15°C томен емес болу қажет
- Липотропты заттар-метионин, холин, лицетин, линоль қышқылы
- Емдәмдер барінде алкоголь сусындары рұқсат етілмейді
- Емдамдегі витамин жеткіліксіздігін басқа өнімдермен толтырамыз
- Емдәмдердің сипаттамасында болжамды біркүндік мәзір көрсетілген

# Қорытынды



**Емдік тағам** науқасқа басқа да емдік шаралар кешенімен бірге белгіленетін тағам. Гастрит, ішкі жара аурулары, тоқ ішектің қабынуы, бауыр аурулары үшін емдеудің негізгі әдісі болып табылады. Стационарлық немесе емхана жағдайында қолданылады. Емдік тамақтану дәрігер кеңесі бойынша және оның бақылауымен жүргізіледі, өз бетімен белгіленген тұрақты диета денсаулық үшін қолайсыз жағдайларға алып келуі мүмкін.

# Қолданылған әдебиеттер



- Салауатты, емдікөпрофилактикалық жіне қауіпсіз тамақтану негіздері Алматы-2012 (112-125 беттер)
- Интернет